

Жылжымайтын мүлікті түгендеуді жүргізу туралы

Күші жойған

Атырау облыстық әкімияттың 2003 жылғы 17 ақпандағы N 52 қаулысы. Атырау облысының әділет басқармасында 2003 жылғы 7 наурызда N 1338 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 62 қаулысымен

Атырау облыстық әкімияттың 2003 жылғы 17 ақпандағы N 52 қаулысы. Атырау облысының әділет басқармасында 2003 жылғы 7 наурызда N 1338 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 62 қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009.03.27 N 62 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2002 жылғы 25 қарашадағы N 183-ө "Жылжымайтын мүлікті түгендеуді жүргізу туралы" өкімін орындауда, иесіз мүлікті анықтап, оны кейіннен есепке қою мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабын басшылыққа ала отырып, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Жылжымайтын мүлікті түгендеуді жүргізу бойынша Облыстық комиссия (әрі қарай - Комиссия) қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

Комиссияның жұмысшы органы болып Атырау облысының коммуналдық меншік басқармасы белгіленсін.

Комиссияның жұмысшы органы жоғарыда көрсетілген қаулының жүзеге асырылуына ай сайын мониторинг жүргізсін және қорытындыланған ақпаратты комиссияға есепті айдан кейінгі айдың 10-шы жұлдызынан кешіктірмей берсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық әкімиятының 28.05.2003 N 122 қаулысымен .

2. Атырау қаласы мен аудан әкімдері "Қазақстан Республикасы әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Атырау облысы бойынша Жылжымайтын мүлік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (келісім бойынша) (бұдан әрі - Жылжымайтын мүлік орталығы), жер ресурстарын басқару жөніндегі Атырау облыстық комитетімен (келісім бойынша), жерді пайдалануға бақылау жасау және қорғау жөніндегі инспекциясымен біріге отырып 2003 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында тұрған барлық

жылжымайтын мүлікке комиссиялық түгендеуді жүргізсін;

2) түгендеу мәліметтері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында тұрған жылжымайтын мүліктің тізбесін жасасын;

3) Атырау облыстық коммуналдық меншік басқармасымен біріге отырып, түгендеу кезінде анықталған иесіз жылжымайтын мүлікті Жылжымайтын мүлік орталығына Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 242 бабына сәйкес есепке қойсын;

4) Комиссияға ай сайын осы қаулының орындалу барысы туралы ақпаратты және иесіз мүліктің есепке алынғандығы туралы материалдарды, оларды әрі қарай пайдалану ұсынысымен қоса берсін.

3. Атырау облысының коммуналдық меншік басқармасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жылжымайтын иесіз мүлікті есепке қойған күннен бастап жыл өткеннен кейін, оны коммуналдық меншікке түскенін тану туралы талабымен сотқа шағымданын.

4. Атырау қаласы мен аудан әкімдері, Атырау облысының әділет басқармасы (келісім бойынша) және Жылжымайтын мүлік орталығы облыс халқы арасында жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу тәртібі туралы түсіндіру жұмысын жүргізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К. Нокинге жүктелсін.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы

Облыс әкімиятының 2003 жылғы 17
ақпандағы N 52 қаулысына қосымша

Жылжымайтын мүлікті түгендеуді жүргізу жөніндегі облыстық комиссия

1. Нокин Серік Кеңесұлы - Облыс әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
2. Оспанов Валерий Мұқашұлы - Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
Комиссия мүшелері:

3. Әкімжанов Жандос Әбілханұлы - Атырау облыстық коммуналдық меншік басқармасының бастығы;

4. Еңсегенов Сәрсенбай Құрманұлы - Облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және әскери-жұмылдыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі;

5. Жмыхов Анатолий Александрұлы - Жер ресурстарын басқару жөніндегі Атырау облыстық комитетінің төрағасы (келісім бойынша);

6. Нұршаев Есенгелді - Жерді пайдалануға бақылау жасау және қорғау жөніндегі инспекцияның бастығы;

7. Тұматов Сабырхан Идиқанбекұлы - Қазақстан Республикасы әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Атырау облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығының директоры;

8. Райымқұлов Мирболат Төлеуұлы - Атырау облысы бойынша Салық комитетінің төрағасы (келісім бойынша).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК